

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
КЕАҚ «АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ ӨҢІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ»
ӨМІРЗАҚ СҰЛТАНҒАЗИН АТЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ
ПЕДАГОГИКА, ПСИХОЛОГИЯ ЖӘНЕ АРНАЙЫ БІЛІМ БЕРУ КАФЕДРАСЫ
ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
«ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ МЕМОРИАЛДЫҚ МУЗЕЙІ» КММ



BAITURSYNULY
UNIVERSITY

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

● **БІЛІМ БЕРУ ТӘЖІРИБЕСІНДЕГІ
ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ИННОВАЦИЯЛАР:
ЖАҢА ҚИЫНДЫҚТАР МЕН ТИІМДІ ШЕШІМДЕР**

халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференция материалдары



АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

**ТЕХНОЛОГИИ И ИННОВАЦИИ
В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРАКТИКЕ:
НОВЫЕ ВЫЗОВЫ И ЭФФЕКТИВНЫЕ РЕШЕНИЯ**

материалы международной
научно-практической конференции

Қостанай қ., 2026 ж.
г. Қостанай, 2026 г.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ / РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, география ғылымдарының докторы, доцент, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, Қазақстан; **Наурызбаева Эльмира Кенжеғалиқызы**, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің академиялық мәселелер жөніндегі проректоры; **Жарлыгасов Женис Бахытбекович**, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры; **Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, Ресей Сыртқы істер министрлігінің Мәскеу мемлекеттік Халықаралық қатынастар институтының (университет) профессоры; **Есіркепова Кенжегүл Қабылғазықызы**, филология ғылымдарының кандидаты, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті Ө.Сұлтанғазин атындағы педагогикалық институтының директоры; **Ибраева Айман Елемановна**, Қостанай облысы әкімдігінің Білім басқару басшысы; **Калимжанова Роза Лаиковна**, PhD докторы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика, психология және арнайы білім беру кафедрасының меңгерушісі; **Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика, психология және арнайы білім беру кафедрасының қауымдастырылған профессоры; **Смаглий Татьяна Ивановна**, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика, психология және арнайы білім беру кафедрасының қауымдастырылған профессоры; **Жетписбаева Айсылу Айратовна**, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы. Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Білім беру тәжірибесіндегі технологиялар мен инновациялар: жаңа қиындықтар мен тиімді шешімдер»:
Б 94 Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары: 13 ақпандағы 2026 жылдың – Қостанай: Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2026. – 2418 б. = Технологии и инновации в образовательной практике: новые вызовы и эффективные решения: Материалы международной научно-практической конференции: 13 февраля 2026 года. – Костанай: Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, 2026. – 2418 с.

ISBN 978–601–356–659–7

Жинақта «Білім беру тәжірибесіндегі технологиялар мен инновациялар: жаңа қиындықтар мен тиімді шешімдер» атты Алтынсарин оқулары Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары бар. Бұл конференциялар «Адал Азамат» ұлттық бағдарламасын іске асырудың жалпы бағыттары мен үрдістерін анықтайды, соның ішінде жас ұрпақты тәрбиелеу мен оқытудың құндылық аспектілері, жаһандық контексте ұлттық білім беру нұсқауларын қайта қарастыру және жаңартудың озық тәжірибелерін көрсету, жас ұрпақта азаматтық бірегейлік пен патриоттық құндылықтарды дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздемесі және жасанды интеллекті заманауи білім беру процесіне жүйелі түрде енгізудің инклюзивті тәжірибелері мен әдіснамасының қысқаша мазмұны.

Конференция материалдарында Ы. Алтынсариннің педагогикалық мұрасының білім берудің құндылықтық мағыналары бойынша заманауи нұсқаулар контекстіндегі өзектілігі, оқыту мен тәрбиелеудің аксиологиялық аспектілерінің ғылыми негіздері, сондай-ақ мұғалімдердің ұлттық білім берудегі заманауи қиындықтарға дайындығы мәселелері және мұғалімдердің цифрлық ресурстарды пайдалана отырып, инновациялық қызметке педагогикалық құзырлығы талқыланады.

Бұл жинақтағы материалдар ғалымдар, университеттер мен колледждер профессорлары, мектеп және мектепке дейінгі мекемелер мұғалімдері, білім беру саласындағы психологтары, магистранттар мен студенттер үшін қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Технологии и инновации в образовательной практике: новые вызовы и эффективные решения», определяющие общие направления и тенденции внедрения национальной программы «Адал азамат», такие, как ценностные аспекты воспитания и образования молодого поколения, демонстрация лучших практик по переосмыслению и актуализации национальных ориентиров образования в глобальном контексте, научно-методическое обоснование формирования гражданской идентичности и патриотических ценностей обучающихся, обобщение инклюзивных практик и методологии системной интеграции искусственного интеллекта в современный образовательный процесс.

Материалы Конференции посвящены обсуждению актуальности педагогического наследия Ы. Алтынсарина в контексте современных ориентиров ценностных смыслов воспитания, научных основ аксиологических аспектов обучения и воспитания, а также вопросы готовности педагогов к современным вызовам в отечественном образовании, к инновационной деятельности с использованием цифровых ресурсов. Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-659-7



9 786013 566597

УДК 37.013.75:371.3
ББК 74.04+74.202

© Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2026
© Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, 2026



ӘОЖ 376.2

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Кумарова Асмира Алмасовна,
бірінші оқу жылының магистратурасының білім алушысы
білім беру бағдарламасы 7M01101 Педагогика және психология
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚҰУ,
Қостанай қ., Қазақстан

Абдиркенова Акбидаш Капановна,
PhD докторы, педагогика, психология және арнайы білім беру кафедрасының
қауымдастырылған профессоры
Ө. Сұлтанғазин атындағы педагогикалық институты
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚҰУ,
Қостанай қ., Қазақстан

Аңдатпа

Бұл мақалада инклюзивті білім беру жағдайында педагогикалық мамандықтар студенттерінің педагогикалық қызметке психологиялық дайындығын қалыптастыру мәселесі қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі Қазақстан Республикасында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар санының артуымен және білім беру жүйесінде инклюзивті ортаны дамыту қажеттілігімен негізделеді. Зерттеу мақсаты – болашақ педагогтердің инклюзивті білім беру жағдайында кәсіби қызметке психологиялық дайындығын қалыптастыру үдерісін теориялық тұрғыдан негіздеу.

Түйінді сөздер: инклюзивті білім беру, психологиялық дайындық, педагогикалық қызмет, болашақ мұғалімдер, мотивациялық компонент, танымдық дағдылар, эмоционалдық–еріктік сала, практикаға бағытталған тәсіл, ерекше білім беру қажеттіліктері, толеранттылық.

Аннотация

В статье рассматривается проблема формирования психологической готовности студентов педагогических специальностей к педагогической деятельности в условиях инклюзивного образования. Актуальность исследования обусловлена ростом числа детей с особыми образовательными потребностями в Республике Казахстан и необходимостью развития инклюзивной образовательной среды. Цель исследования – теоретическое обоснование процесса формирования психологической готовности будущих педагогов к профессиональной деятельности в условиях инклюзивного образования.

Ключевые слова: инклюзивное образование, психологическая готовность, педагогическая деятельность, будущие педагоги, мотивационный компонент, когнитивные навыки, эмоционально–волевая сфера, практико–ориентированный подход, дети с особыми образовательными потребностями, толерантность

Abstract

The article addresses the issue of forming the psychological readiness of students of pedagogical specialties for professional activity in the context of inclusive education. The relevance of the study is determined by the increasing number of children with special educational needs in the Republic of Kazakhstan and the need to develop an inclusive educational environment. The aim of the study is to theoretically substantiate the process of forming the psychological readiness of future teachers for professional activity in inclusive education settings.

Key words: inclusive education, psychological readiness, pedagogical activity, future teachers, motivational component, cognitive skills, emotional–volitional sphere, practice–oriented approach, children with special educational needs, tolerance





Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросы мен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің статистикалық деректеріне сәйкес, 2025 жылға қарай соңғы 15 жыл ішінде мүмкіндігі шектеулі балалар саны екі есеге артып, шамамен 117 мың баланы құрады, олардың ішінде 11,8 мың балада аутизм спектрі бұзылыстары анықталған [1]. Аталған статистикалық мәліметтер инклюзивті білім беру жағдайында студенттердің педагогикалық қызметке психологиялық дайындығын қалыптастыру мәселелеріне арналған зерттеулердің өзектілігін айқындайды.

Инклюзивті білім беру – Қазақстан Республикасы Президенті Қасым–Жомарт Тоқаевтың Жолдауына сәйкес білім сапасын арттыру қажеттілігімен негізделген, өңірлік деңгейде дамытуды талап ететін негізгі бағыттардың бірі болып табылады [2].

Зерттеудің мақсаты – педагогикалық мамандықтар студенттерінің инклюзивті білім беру жағдайында кәсіби қызметті жүзеге асыруға психологиялық дайындығын қалыптастыру үдерісін теориялық тұрғыдан негіздеу.

Зерттеу нысаны – жоғары білім беру жүйесіндегі педагогикалық мамандықтар студенттерінің кәсіби даярлығы.

Зерттеу пәні – инклюзивті білім беру жағдайында студенттердің педагогикалық қызметке психологиялық дайындығын қалыптастыру үдерісі.

Зерттеу гипотезасы: егер болашақ мамандарды даярлау барысында кәсіби практика кезеңінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар оқитын білім беру ұйымдарына жүйелі түрде бару тәжірибесі енгізілсе, бұл инклюзивті білім беруге қатысты эмпатияны, толеранттылықты және адал көзқарасты тиімді дамытуға ықпал етеді.

Инклюзивті білім беру – даму ерекшеліктері (ерекше білім беру қажеттіліктері), мүмкіндігі шектеулілігі немесе өзге де айырмашылықтары бар балаларды құрдастарымен бірге жалпы білім беретін мектептерде оқытуға тең мүмкіндік беретін, білім беру үдерісін, ортасын және оқыту әдістерін олардың жеке қажеттіліктеріне бейімдеуді көздейтін жүйе.

Ең алдымен, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың әлеуметтену барысында белгілі бір қиындықтарға тап болатынын ескеру қажет. Осыған байланысты инклюзивті білім беру – қалыпты дамыған балалар мен мүмкіндігі шектеулі білім алушыларды бірлесіп оқытуды қамтамасыз ететін тиімді білім беру формасы болып табылады.

Инклюзивті білім берудің алғашқы оң үрдісі – ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың әлеуметтену деңгейінің артуы; екінші үрдіс – қалыпты дамып жатқан оқушылар арасында толеранттылықтың күшеюі. Бұл физикалық немесе зияткерлік айырмашылықтарға байланысты девиантты мінез–құлықтың, буллинг пен кемсітушіліктің азаюына ықпал етеді, әрі қазіргі қоғамда аса өзекті құбылыс болып саналады.

Инклюзивті білім беруді жүзеге асыру барысында балаларды қоғамға, соның ішінде білім беру үдерісіне тиімді кіріктіруге кедергі келтіретін бірқатар тосқауылдар кездеседі.

Біріншіден, ерекше білім беру қажеттіліктерінің болуына байланысты қолданыстағы білім беру үдерісін жаңарту және бейімдеу қажеттілігі туындайды. Бұл жағдай кейде қалыпты дамып жатқан оқушылар тарапынан теріс реакция туғызуы немесе дәстүрлі оқыту әдістеріне бейімделген білім алушылар үшін белгілі бір қиындықтар тудыруы мүмкін.





Екіншіден, топ ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қатысты толеранттылықтың жеткіліксіздігі байқалуы мүмкін. Құрдастарының физиологиялық немесе психикалық ерекшеліктеріне байланысты мазақ ету жағдайлары жиі кездеседі. Мұндай жағдайда мұғалім мен сынып ұжымы реттеуші рөл атқарып, буллинг пен жағымсыз қарым-қатынастың алдын алуға және оны дер кезінде тоқтатуға міндетті.

Жалпы алғанда, инклюзивті білім беру үдерісін тиімді ұйымдастыру үшін мұғалімнің психологиялық дайындығы аса маңызды. Психологиялық дайындықты қалыптастыру үдерісі жоғары оқу орындарындағы кәсіби даярлық кезеңінен басталады. Егер болашақ мұғалімдерде инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеуге қажетті психологиялық дайындық қалыптаспаса, олар эмоционалдық шамадан тыс жүктеме, шектен тыс эмпатия, оқу материалын ұсыну мен жеткізуде қиындықтар және кәсіби күйзеліс (кәсіби жану) қаупіне тап болуы мүмкін.

Білім мен психологиялық дайындықтың жеткіліксіздігі ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен қарым-қатынас пен өзара әрекетке тікелей әсер ететіндіктен, топ ішінде келіспеушілік туындаған жағдайларда дұрыс шешім қабылдау және балалардың құқықтарын қорғау тұрғысынан мұғалімнің жауапкершілігі арта түседі. 1–кестеде студенттердің педагогикалық қызметке психологиялық дайындығын қалыптастырудың негізгі бағыттары ұсынылған.

Кесте 1 – Инклюзивті білім беру жағдайында студенттердің педагогикалық қызметке психологиялық дайындығын қалыптастырудың негізгі бағыттары

Психологиялық дайындық компоненті Өзара әрекет ету элементі
Қалыптастыру үдерісінің сипаттамасы Күтілетін нәтижелер

1. Мотивациялық компонент Инклюзивті білім беру құндылықтары, кәсіби оқуға мотивация Білім беру ұйымдарына бару, дәрістер мен семинарлар арқылы теңдік және кемсітпеу қағидаларын қабылдау Инклюзивті білім беру ортасында жұмыс істеуге саналы дайындықтың қалыптасуы

2. Танымдық дағдылар / білім Психологиялық–педагогикалық білім мен дағдылар Білім беру үдерісіне отандық және шетелдік озық тәжірибелерге негізделген білімді кіріктіру Педагогикалық қызметте білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере білу қабілетінің қалыптасуы

3. Эмоционалдық–еріктік сала Эмпатия, жанашырлық, эмоционалдық тұрақтылық, психологиялық дайындық Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істейтін ұйымдарға бару, тәжірибе алмасу Эмоционалдық шамадан тыс жүктеме мен кәсіби күйзеліс қаупінің төмендеуі

4. Практикаға бағытталған тәсіл Педагогикалық практика және жағдаяттық модельдеу Инклюзивті білім беру элементтері енгізілген практикалық іс-әрекеттерге студенттерді тарту Нақты кәсіби қызметке дайындықтың қалыптасуы

1–кестеге сәйкес, инклюзивті білім беру жағдайында студенттердің педагогикалық қызметке психологиялық дайындығын қалыптастырудың негізгі бағыттары төрт құрамдас бөліктен тұрады, атап айтқанда:

- мотивациялық сала;
- танымдық білім мен дағдылар;
- эмоционалдық–еріктік сала;
- практикаға бағытталған тәсілдер.

Жоғарыда аталған әдістерді болашақ мамандарды даярлау үдерісіне кешенді түрде енгізу олардың инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеуге дайындығына





оң ықпал етеді. Себебі кәсіби білім мен дағдылар қалыптасады, толеранттылық пен психологиялық дайындық деңгейі артады, сондай-ақ инклюзивті білім беру жағдайында тиімді шешімдерді қолдану мен жүзеге асыру бойынша практикалық тәжірибе жинақталады.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар оқитын мамандандырылған ұйымдарға бару студенттердің осындай балалармен қарым-қатынас жасау, өзара әрекеттесу және педагогикалық ықпал ету дағдыларын дұрыс меңгеруіне мүмкіндік береді. Әдетте, мұндай балалармен бұрын қарым-қатынас жасамаған, оларды оқытпаған және тәжірибесі жоқ болашақ мамандарда қиындықтар жиі кездеседі. Сондықтан аталған тәсілді және практикаға бағытталған оқытуды білім беру үдерісіне енгізу студенттердің инклюзивті білім беру жағдайында психологиялық дайындығын тиімді әрі оңтайлы деңгейде қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Шетелдік зерттеулерге жасалған талдау инклюзивті білім берудің тиімділігі көбіне тек институционалдық жағдайларға ғана емес, сонымен қатар мұғалімдердің тұлғалық және кәсіби ұстанымдарына да байланысты екенін көрсетеді. Мысалы, С. Dignath және әріптестерінің мета-талдауы мұғалімдердің инклюзивті білім беру туралы көзқарастары олардың кәсіби даярлығына, ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылармен өзара әрекеттесу тәжірибесіне және әртекті білім беру ортасында жұмыс істеуге психологиялық дайындығына байланысты қалыптасатынын көрсетеді. Зерттеушілер мұғалімдердің оң көзқарасы инклюзивті тәжірибелердің табысты жүзеге асуына және инклюзияға кәсіби қарсылықтың азаюына тікелей әсер ететінін атап өтеді [3, 2615–6.].

Е. Walton және Р. Engelbrecht Оңтүстік Африкадағы инклюзивті білім берудің дамуын талдай отырып, инклюзивті тәжірибелердің тұрақтылығы мұғалімдерді жүйелі даярлауға және олардың өзгермелі білім беру жағдайларына бейімделу қабілетіне байланысты екенін көрсетеді. Авторлар мұғалімдердің психологиялық дайындығы мен кәсіби қолдауы жеткіліксіз болған жағдайда инклюзия формалды түрде енгізіліп, білім беру тәжірибесінде нақты өзгерістер болмайтынын атап көрсетеді [4, 2142–6.].

М. Qorib зерттеуінде сыни әртүрлілік сауаттылығын дамыту құралы ретінде сараланған оқытудың маңыздылығы айқындалады. Автордың пікірінше, инклюзивті ортада жұмыс істеуге психологиялық тұрғыдан дайын мұғалімдер сараланған оқыту әдістерін тиімді пайдаланып, білім алушылар арасында толеранттылықтың артуына және кемсітушілік көзқарастардың азаюына ықпал етеді [5, 7–6.].

І. Demchenko және әріптестері болашақ мұғалімдерді мақсатты түрде даярлаудың маңыздылығын жоғары оқу орнында білім алу кезеңінен бастап ерекше атап өтеді. Олардың пікірінше, практикаға бағытталған оқыту формаларын енгізу және инклюзивті педагогикалық жағдаяттарды модельдеу студенттердің кәсіби қызметке тұрақты психологиялық дайындығын қалыптастырады [6, 198–6.].

Н. R. Love және Е. Horn инклюзивті білім беру сапасы мұғалімдердің оның мәнін, мақсатын және контекстін түсіну деңгейімен тікелей байланысты екенін көрсетеді. Психологиялық дайындық пен құндылықтық қабылдау жеткіліксіз болған жағдайда педагогикалық қызмет өзінің гуманистік бағытын жоғалтып, формалды сипат алатынын атап өтеді [7, 209–6.].

С. Krämer, J. Möller және F. Zimmermann жүргізген мета-талдау нәтижелері инклюзивті сыныптарда жалпы оқу қиындықтары бар білім алушыларды оқыту табыстылығы мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігі мен психологиялық тұрақтылығына тәуелді екенін көрсетеді. Зерттеушілер болашақ мұғалімдерде эмпатияны,





эмоционалдық тұрақтылықты және өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту маңызды екенін атап өтеді [8, 450–б.].

С. Nilholm инклюзивті білім берудің теориялық негіздерін қайта қарастыру қажеттігін атап көрсетіп, мұғалімдердің кәсіби ойлау жүйесі өзгермейінше инклюзия толыққанды жүзеге аспайтынын көрсетеді. Автордың пікірінше, негізгі фактор – мұғалімдердің әртүрлілікті қабылдауға және барлық білім алушылар үшін жауапкершілік алуға психологиялық дайындығы [9, 365–б.].

Н. R. Love және М. R. Beneke Disability Critical Race Theory (DisCrit) теориялық тұжырымдамасына сүйене отырып, инклюзивті білім беруді әлеуметтік әділеттіліктің бір көрінісі ретінде қарастыру қажеттігін негіздейді. Зерттеушілер психологиялық және құндылықтық дайындығы жоғары мұғалімдер дискриминациялық тәжірибелерге қарсы тұрып, қауіпсіз әрі қолдаушы білім беру ортасын қалыптастыра алатынын атап өтеді [10, 36–б.].

Жүргізілген зерттеу нәтижелері инклюзивті білім беру жағдайында студенттердің педагогикалық қызметке психологиялық дайындығын қалыптастыру мәселесінің өзекті әрі әлеуметтік маңызы жоғары екенін көрсетті. Бұл Қазақстан Республикасында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар санының артуы туралы статистикалық деректермен және білім сапасына қойылатын заманауи талаптармен дәлелденеді. Инклюзивті білім беруді дамыту нормативтік–құқықтық және ұйымдастырушылық өзгерістермен қатар, болашақ мұғалімдерді білім беру әртүрлілігі жағдайында жұмыс істеуге мақсатты даярлауды талап етеді.

Талдау нәтижесінде инклюзивті білім беру ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың қоғамға бейімделуіне ықпал ететін тиімді әлеуметтену формасы екені анықталды. Сонымен қатар инклюзивті тәжірибелерді енгізу білім беру үдерісін бейімдеу қажеттілігі және студенттік топтардағы толеранттылық деңгейінің жеткіліксіздігі сияқты бірқатар кедергілермен қатар жүреді, бұл мұғалімдердің кәсіби және психологиялық дайындығына қойылатын талаптарды арттырады.

Зерттеу мұғалімдердің инклюзивті қызметке психологиялық дайындығы мотивациялық, танымдық, эмоционалдық–еріктік және практикаға бағытталған компоненттерден тұратын күрделі құрылым екенін көрсетті. Бұл компоненттердің жеткіліксіз дамуы эмоционалдық жүктеменің артуына, қарым–қатынас қиындықтарына, педагогикалық өзара әрекет тиімділігінің төмендеуіне және кәсіби күйзеліс қаупінің жоғарылауына әкелуі мүмкін.

Теориялық және шетелдік зерттеулерді талдау инклюзивті білім берудің табыстылығы мұғалімдердің тұлғалық және кәсіби ұстанымдарына, эмпатиясына, толеранттылығына, эмоционалдық тұрақтылығына және барлық білім алушылар үшін жауапкершілік алуға дайындығына тәуелді екенін көрсетті. Әсіресе ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен тікелей өзара әрекеттесуді қамтитын практикаға бағытталған даярлық тұрақты кәсіби және психологиялық дағдыларды қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Жүргізілген талдау негізінде практикаға бағытталған тәсілді енгізу, мамандандырылған ұйымдарға бару және студенттерді нақты инклюзивті білім беру жағдайларына тарту болашақ мұғалімдердің психологиялық дайындығын қалыптастырудың тиімді құралдары екені негізделді. Бұл шарттарды жоғары оқу орындарының білім беру үдерісіне енгізу эмпатияны, толеранттылықты, кәсіби жауапкершілікті дамытуға және эмоционалдық күйзеліс тәуекелдерін азайтуға ықпал етеді.

Зерттеу мақсатына қол жеткізіліп, ұсынылған гипотеза расталды. Бұл студенттердің кәсіби даярлығы барысында психологиялық дайындықты мақсатты әрі жүйелі





қалыптастыру инклюзивті білім беру жағдайында тиімді педагогикалық қызметтің маңызды шарты екенін көрсетеді. Психологиялық дайындықтың мотивациялық, танымдық, эмоционалдық–еріктік және практикаға бағытталған компоненттерін дамыту болашақ мұғалімдердің кәсіби тұрақтылығын арттырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға толерантты көзқарасты қалыптастырады және күрделі педагогикалық жағдайларда жауапты шешім қабылдауға дайындайды.

Алынған нәтижелердің теориялық әрі практикалық маңызы зор және жоғары оқу орындарындағы мұғалімдерді даярлау жүйесінде қолдануға болады. Зерттеу материалдарын инклюзивті білім беру ортасында жұмыс істеуге бағытталған білім беру бағдарламаларын, оқу пәндерін және модульдерді әзірлеу мен жетілдіруде пайдалану орынды. Сонымен қатар нәтижелер инклюзивті білім беру саласында жұмыс істейтін педагогтердің кәсіби даярлығы мен біліктілігін арттыру бағдарламаларын әзірлеуде, сондай–ақ практикаға бағытталған оқыту формаларын ұйымдастыруда қолданылуы мүмкін.

Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді институционалдық және нормативтік деңгейде жүзеге асыруға жалпы алғанда дайындық қалыптасқанын айтуға болады. Елде заңнамалық база жасақталып, инклюзивті тәжірибелерді жүзеге асыратын білім беру ұйымдарының желісі кеңейіп келеді және жалпы білім беру ұйымдарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар саны артуда. Дегенмен, инклюзияны іске асыру сапасына, мұғалімдердің психологиялық және кәсіби дайындығының жеткіліксіздігіне, психологиялық–педагогикалық қолдау ресурстарының шектеулілігіне қатысты мәселелер сақталуда.

Алдағы уақытта Қазақстандағы инклюзивті білім берудің дамуы кезең–кезеңімен әрі жүйелі сипатта болады деп күтіледі. Инклюзивті білім беру қызметтерінің қолжетімділігі артып, мұғалімдерді даярлауда жоғары оқу орындарының рөлі күшейіп, болашақ мамандарды практикаға бағытталған модельдер негізінде даярлау кеңінен енгізіледі.

Болашақта мұғалімдердің психологиялық дайындығын қалыптастыру, эмпатияны, толеранттылықты және кәсіби тұрақтылықты дамыту ерекше маңызға ие болады. Бұл инклюзивті білім беру сапасын арттыруға және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың тиімді әлеуметтенуін қамтамасыз етуге ықпал етеді. Жалпы алғанда, қазіргі білім беру саясатының бағыты сақталған жағдайда, Қазақстандағы инклюзивті білім беру сандық дамудан сапалы әрі тұрақты даму кезеңіне өту әлеуетіне ие.

Әдебиеттер тізімі:

1. Healthcare and Social Welfare Statistics // Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan – Электрондық ресурс. Қолжетімділік режимі: <https://stat.gov.kz/ru/industries/social-statistics/stat-medicine/> (қаралған күні: 15.12.2025).
2. Address of the Head of State Kassym-Jomart Tokayev to the People of Kazakhstan “A Fair State. A United Nation. A Prosperous Society” // Ресми сайт, Қазақстан Республикасының Президенті Ақорда – Электрондық ресурс. Қолжетімділік режимі: <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-181130> (қаралған күні: 15.12.2025).
3. Dignath C. және т.б. Teachers’ beliefs about inclusive education and insights on what contributes to those beliefs: a meta-analytical study // Educational Psychology Review. – 2022. – Т. 34. – № 4. – Б. 2609–2660.
4. Walton E., Engelbrecht P. Inclusive education in South Africa: Path dependencies and emergences // International Journal of Inclusive Education. – 2024. – Т. 28. – № 10. – Б. 2138–2156.
5. Qorib M. Analysis the Impact of Differentiated Instruction on Critical Diversity Literacy in Inclusive Education // Aksaqila International Humanities and Social Sciences (AIHSS) Journal. – 2024. – Т. 3. – № 1. – Б. 1–19.





6. Demchenko I. және т.б. Training future physical education teachers for professional activities under the conditions of inclusive education // BRAIN. Broad Research in Artificial Intelligence and Neuroscience. – 2021. – Т. 12. – № 3. – Б. 191–213.
7. Love H. R., Horn E. Definition, context, quality: Current issues in research examining high-quality inclusive education // Topics in Early Childhood Special Education. – 2021. – Т. 40. – № 4. – Б. 204–216.
8. Krämer S., Möller J., Zimmermann F. Inclusive education of students with general learning difficulties: A meta-analysis // Review of Educational Research. – 2021. – Т. 91. – № 3. – Б. 432–478.
9. Nilholm C. Research about inclusive education in 2020—How can we improve our theories in order to change practice? // European Journal of Special Needs Education. – 2021. – Т. 36. – № 3. – Б. 358–370.
10. Love H. R., Beneke M. R. Pursuing justice-driven inclusive education research: Disability critical race theory (DisCrit) in early childhood // Topics in Early Childhood Special Education. – 2021. – Т. 41. – № 1. – Б. 31–44.

УДК 37.1174

ИНКЛЮЗИВНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ШКОЛЕ: ВЫЯВЛЕНИЕ ОДАРЁННЫХ ДЕТЕЙ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ И ОБЕСПЕЧЕНИЕ УСЛОВИЙ РАВНОЙ КОНКУРЕНЦИИ

Кушкинбаева Асем Серикбаевна,

магистр педагогических наук,
учитель английского языка, педагог–исследователь
КГУ «Общеобразовательная школа имени Әлихана Бөкейхана
отдела образования города Костаная»
Управления образования Костанайской области,
г. Костанай, Казахстан

Альмуханова Айнур Каиржановна,

магистр педагогических наук,
учитель математики, педагог–эксперт
КГУ «Общеобразовательная школа имени Әлихана Бөкейхана
отдела образования города Костаная»
Управления образования Костанайской области,
г. Костанай, Казахстан

Аңдатпа

Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамыту контекстінде twice–exceptional (2e) феномені – дарындылықтың жоғары деңгейі мен ерекше білім беру қажеттіліктерінің үйлесуі ерекше ғылыми және практикалық маңызға ие болады. Оқушылардың бұл санаты қабілеттерді тапшылық көріністерімен маскировкалаудың жоғары деңгейімен және, керісінше, жоғары интеллекттің компенсаторлық механизмдері арқылы ерекше қажеттіліктерді теңестірумен сипатталады. Бұл жұмыс бұқаралық мектеп жағдайында балаларды twice–exceptional сәйкестендірудің институционалдық, әдіснамалық және әлеуметтік–психологиялық кедергілерін, сондай–ақ олардың нормотиптік құрдастарымен білім беру бәсекелестігіне тең қатысуын қамтамасыз ету үшін қажетті жағдайларды талдауға арналған.

Түйінді сөздер: инклюзивті білім беру, ерекше білім беру қажеттіліктері, дарындылық, twice–exceptional, Қос эксклюзивтілік, дарындылықты сәйкестендіру, оқытуды саралау, Қазақстан.



**ИНКЛЮЗИВТІ ГУМАНИСТІК БІЛІМ: ҚИЫНДЫҚТАР, ЖЕТІСТІКТЕР ЖӘНЕ
ТӘЖІРИБЕНІ ЖАЛПЫЛАУ**

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

2 СЕКЦИЯ

**ИНКЛЮЗИВНОЕ ГУМАНИСТИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ: ВЫЗОВЫ,
ДОСТИЖЕНИЯ И ОБОБЩЕНИЕ ОПЫТА**

Абдильманова Дина Салимовна	<i>Ән мен қимылды байланыстыру арқылы моториканы дамыту жолдары</i>	1242
Аймухамедова Салтанат Борамбаевна, Урунтаева Даяна Касымхановна	<i>Применение нейрогимнастики в работе для повышения эффективности коррекционного процесса у детей ЗПР: опыт и перспективы</i>	1246
Алимжанова Арайлым Магашевна	<i>Инновационный менеджмент в образовательных организациях, работающих с детьми с РАС</i>	1251
Алипбаева Гульжан Агыбаевна, Нурова Асемгуль Кажихановна	<i>Инклюзия университеттің тұрақты дамуының құрамдас бөлігі</i>	1255
Амренова Қымбат Заединқызы, Салыкова Гүлшат Белгібайқызы	<i>Қазіргі мектеп жағдайындағы инклюзивті білім берудің болашағы</i>	1259
Ауезханова Мирамкул Жумағалиевна, Ергазина Баглан Кабдолловна	<i>Инклюзивті гуманистік білім: қиындықтар, жетістіктер және тәжірибені жалпылау</i>	1263
Бегежанова Ботағоз Карымжановна	<i>Ақыл–ойы бұзылған балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларды әлеуметтік–психологиялық сүйемелдеу</i>	1266
Бегежанова Райхан Карымжановна, Жиенбаева Надежда Бисеновна	<i>Иммерсивті технологиялар – зияты зақымдалған балалардың әлеуметтік–тұрмыстық дағдыларын дамыту құралы ретінде</i>	1271
Булгакова Вероника Андреевна	<i>Гуманизация инклюзивной среды: технологии формирования эмпатии и коллективной ответственности в разнородном классе</i>	1275

Бутагарина Арайлы Ирбулатовна, Ахметова Тулебике Ауезхановна	<i>Инклюзивті ортада қазақ тілін оқытудағы ЖИ негізіндегі интерактивті көрнекіліктер</i>	1279
Бушуева Наталья Александровна	<i>Развитие функциональной математической грамотности младших школьников с задержкой психического развития посредством нейрокоррекционных практик</i>	1283
Волчкова Оксана Александровна	<i>Возможности применения технологии уровневой дифференциации в работе с детьми с особыми образовательными потребностями, на уроках в начальной школе</i>	1286
Гелдимухаммедов Акмырат Гелдимухаммедович	<i>Интеграция stem–образования и национального воспитания в современном образовательном процессе</i>	1292
Григорова Юлия Борисовна, Приходько Анастасия Геннадьевна	<i>Формирование учебной мотивации у младших школьников с особыми образовательными потребностями на уроках математики в условиях инклюзивного обучения</i>	1296
Досумова Гульнара Тыйштаковна, Шарипбаева Айгуль Айтбаевна	<i>Қазақ тілі сабағындағы инклюзивті білім беру: әдістері мен мүмкіндіктері</i>	1301
Жалтенова Малика Дауреновна, Алдамасова Айгерим Жексыбаевна	<i>Создание поддерживающей образовательной среды в рамках инклюзивного гуманистического образования: опыт работы с обучающимися с ТНР и ЗПР</i>	1305
Ибраева Мархабат Даировна, Тлеубай Асель Даулетовна	<i>Инклюзивті оқытуда цифрлық білім беру ресурстарының Мүмкіндіктері</i>	1310
Иванина Светлана Анатольевна, Лоза Илона Станиславовна	<i>Возможности использования цифровой образовательной среды в логопедической работе с детьми с особыми образовательными потребностями</i>	1315
Испамбетова Гульдана Аяпбергеновна, Телахынов Еркин Билалович	<i>Инклюзивті білім беру жағдайындағы бейімдік дене тәрбиесі маманының педагогикалық құзыреттілігі</i>	1319
Кабылбекова Гульнара Саматовна, Галиуллина Жулдызай Зарлыковна	<i>Инклюзивті білім берудің өзекті мәселелері: қиындықтары мен жетістіктері</i>	1324

Казакова Ольга Викторовна, Оберемкова Ольга Витальевна	<i>Практические аспекты применения нейропсихологический гимнастики в развитии эмоциональной сферы детей дошкольного возраста с задержкой психического развития</i>	1328
Каппасова Шамшырак Еркиновна, Халыкова Гаухар Алтаевна	<i>Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту және элеуметтендіру принциптері</i>	1332
Каттебаева Маржан Зиятқызы	<i>Цифрлық технологиялар – инклюзивті білім беруді дамытудың маңызды құралы</i>	1339
Кауметова Карлыгаш Мустакимовна	<i>Мир без барьеров и границ: инклюзия как путь к справедливому обществу</i>	1343
Киль Елена Дмитриевна	<i>Методическое сопровождение инклюзии</i>	1349
Косницкая Елена Анатольевна, Литвих Светлана Константиновна	<i>Теоретико–методологические основания и средства формирования фразовой речи у слабослышащих старших дошкольников</i>	1351
Куйшинова Зулиха Шайкимелевна, Курмангалиева Айнаш Алтаевна	<i>Инклюзивті білім берудің толерантты білім беру ортасын қалыптастырудағы рөлі</i>	1355
Култанов Дастан Темиржанович, Төлегенұлы Нұржан	<i>Инклюзивті білім беру жағдайында мектеп оқушыларына БОЧЧА негізінде бейімделген дене тәрбиесінің әдістемесі: теориялық негіздері мен тәжірибелік қолданыс</i>	1359
Кумарова Асмира Алмасовна, Абдиркенова Акбидаш Капановна	<i>Инклюзивті білім беру жағдайында студенттердің педагогикалық қызметке психологиялық дайындығын қалыптастыру</i>	1365
Кушкинбаева Асем Серикбаевна, Альмуханова Айнур Каиржановна	<i>Инклюзивное образование в общеобразовательной школе: выявление одарённых детей с особыми образовательными потребностями и обеспечение условий равной конкуренции</i>	1371
Максимова Ольга Львовна	<i>Модель практикума по суммативному оцениванию для учащихся с особыми образовательными потребностями: подходы, результаты, рекомендации</i>	1375

Наджмеддинли Анар Наджмеддин оглу	<i>Опыт Азербайджана в сфере образования слабослышащих детей и возможности применения поддерживающих ИИ-технологий</i>	1379
Налобина Галина Юрьевна, Пронькина Оксана Валентиновна	<i>Организация инклюзивного образования при обучении студентов с ОВЗ по специальности 46.02.01 Документационное обеспечения управления и архивоведение</i>	1384
Насырова Эльмира Фанилевна, Возмилова Ольга Викторовна	<i>Формирование инклюзивных компетенций студентов педагогического направления при организации тренинга «Мир глазами детей»</i>	1388
Натигулова Гульзия Жумагалиевна, Демисенова Шнар Сапаровна	<i>Психолого–педагогические условия развития толерантности личности подростка</i>	1392
Никитенко Мария Алексеевна, Демисенова Шнар Сапаровна	<i>Когнитивное развитие как фактор успешной адаптации ребенка к школьному обучению</i>	1396
Нурушева Гюльмира Ерблановна	<i>Инклюзивное гуманистическое образование в современной школе</i>	1400
Нұрбекова Аида Мұратбекқызы, Нышанбай Аяжан Рахимбайқызы	<i>Мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балалардың эмоционалдық сферасының даму ерекшеліктері</i>	1404
Нұрбекова Аида Мұратбекқызы, Иманбай Айғаным Бағдатқызы	<i>Кіші мектеп жасындағы балалардың сөйлеу тіліндегі бұзылыстардың түрлері және оларды алдын алу жолдары</i>	1409
Омарова Гульсана Ержигитовна, Жантлесова Мадина Хамзаевна	<i>Қазақ тілі сабағында инклюзивті гуманистік білім беру тәсілдері</i>	1414
Омелянович Ольга Ивановна	<i>Практические аспекты педагогической реабилитации детей с кохлеарными имплантами</i>	1419
Пращур Марина Валерьевна	<i>Оценка эффективности тьюторского сопровождения как фактора социальной адаптации детей в инклюзивном классе общеобразовательной школы</i>	1424

Савгуров Александр Сергеевич	<i>Инклюзивное гуманитарное образование: практический опыт подготовки команды к инклюзивным спортивным играм</i>	1427
Сандыбаева Жанар Жанахметовна	<i>Значение и разнообразие инновационных стратегий в инклюзивном образовании</i>	1431
Сахарина Валентина Викторовна	<i>Формирование практических навыков у учащихся с особыми образовательными потребностями в условиях специального образования</i>	1435
Сейдалина Тогжан Сансызбаевна	<i>Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен жұмыста тиімді әдіс-тәсілдер</i>	1439
Серікбаева Әсия Үмбетбайқызы	<i>Инклюзивті білім берудегі бейімделген бағалау</i>	1443
Султанова Динара Акилбековна	<i>Цифровая трансформация инклюзивного процесса: Визуализация и адаптация текстов с помощью ИИ для учащихся с легкой умственной отсталостью</i>	1447
Тажмухамбетова Меруерт Женисовна	<i>Балабақшада инклюзивті білім беруді қолдануда жасанды интеллектінің маңызы</i>	1451
Татарина Татьяна Ивановна	<i>Инклюзивное образование: путь от теории к практике</i>	1455
Ткаченко Анжелика Вячеславовна	<i>Факторы формирования инклюзивной культуры в системе образования</i>	1459
Тугаева Эльвира Жангельдиновна	<i>Роль преподавателя в формировании гуманитарной инклюзивной образовательной среды</i>	1462
Фудашкина Людмила Александровна, Сабанова Кимбат Исабековна	<i>Гуманитарное образование в контексте инклюзии: инновационные технологии и их применение</i>	1466
Цихоцкая Юлия Владимировна, Оспанова Айсулу Бергенбайқызы	<i>Национальные игры и сенсорная интеграция в физическом воспитании детей дошкольного возраста</i>	1472
Чернышова Виктория Олеговна, Чаплыгина Елена Владимировна	<i>Адаптивная физическая культура как инструмент инклюзивного образования: методы, практики, перспективы</i>	1478



Чумерина Виктория Борисовна, Вагапова Людмила Руслановна	<i>Музыкальное воспитание детей 5–ти лет с особыми образовательными потребностями через учебно–методический комплекс «Музыкальное волшебство»</i>	1483
Шевченко Ольга Владимировна	<i>Дифференциация и индивидуализация обучения как форма педагогической помощи детям с особыми образовательными потребностями в начальной школе</i>	1488
Шмидт Виктория Валерьевна, Кухарева Марина Викторовна	<i>Индивидуальная работа учителя–логопеда и учителя–дефектолога с детьми, имеющими нарушения в речи, включенными в инклюзивное образование</i>	1494
Щур Дина Владимировна, Куприяничик Марина Александровна	<i>Инклюзивное гуманистическое образование как ответ на вызовы времени: синтез теории, национального наследия и практики</i>	1498





**«БІЛІМ БЕРУ ТӘЖІРИБЕСІНДЕГІ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ИННОВАЦИЯЛАР:
ЖАҢА ҚИЫНДЫҚТАР МЕН ТИІМДІ ШЕШІМДЕР» атты
АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ–ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ
МАТЕРИАЛЫ МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ
«ТЕХНОЛОГИИ И ИННОВАЦИИ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРАКТИКЕ:
НОВЫЕ ВЫЗОВЫ И ЭФФЕКТИВНЫЕ РЕШЕНИЯ»**

Материалдар жинағын
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай
өңірлік университеті
Ө.Сұлтанғазин атындағы педагогикалық
институтының
педагогика, психология және арнайы білім
беру кафедрасында теріліп, беттелді

Компьютерлік беттеу:
Жетписбаева А.А.

Мекен-жай:
110000, Қостанай қ., Байтұрсынов көш. 47
(Пединститут ғимараты, Тәуелсіздік к-сі
118, 626 каб.)
Тел.: 8 (7142) 54-58-74 (ішкі 120).

Пішімі 60*84/18.
Көлемі 151 б.т.
Электронды нұсқасы университеттің
ksu.edu.kz сайтында орналастырылған
сәуір, 2026 жыл

Сборник материалов набран и сверстан
кафедрой педагогики, психологии и
специального образования
педагогического института
им. У.Султангазина
Костанайского регионального
университета им. Ахмет Байтұрсынұлы

Компьютерная верстка:
Жетписбаева А.А.

Адрес:
110000, г. Костанай, ул. Байтұрсынова 47
(корпус Пединститута, ул.Тәуелсіздік
118, каб. 626).
Тел.: 8 (7142) 54-58-74 (вн.120)

Формат 60*84/18.
Объем 151 п.л.
Электронный вариант размещен на сайте
университета ksu.edu.kz
апрель 2026 год

